

● Таланкер — 2016

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА МАМАНДАР ДАЯРЛАУ – БАСТЫ ТАЛАП

Қазақстанның дамуында агроөнеркәсіп саласының алатын орны ерекше. Ұлан-ғайыр даламызда ауыл шаруашылығын өркендетуге барлық мүмкіндік бар екені белгілі. Бүгінгі таңда осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, әлемдегі озық елдердің қатарына енгізе талпынудамыз. Осы мақсатта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың елдегі дикандар мен шаруаларды кеңінен қолдан келе жатқанын сезінісіміз абзал. Дәстүрлі Жолдауында ел Президенті аграрлық саланы инновациялық әдіспен дамыту үшін қыр-сырын тоқтала отырып, төрт түлкіті түлетіп, жерден нәр алу жұмысын жаңғыртуға шақырды. Сондай-ақ, ата кәсіпті қолға алу үшін ғылыммен ұштастыру қажеттілігі туындап отыр.

Осы тұрғыдан алғанда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ауыл шаруашылығы саласы мамандарын даярлауда табысты жұмыстар жүргізіп келеді. Университеттің іргелі құрылымдарының бірі – «Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебі. Бұл жоғары мектепте ауыл шаруашылығы саласында 10 жылдан астам уақыт ішінде бәсекеге қабілетті мамандар даярланып келеді.

Жоғары мектепте қазіргі таңда бакалавриат бойынша: 5B080100 – «Агрономия», 5B080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы», 5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану», 5B080600 – «Аграрлық техника және технология», сондай-ақ 5B080800 – «Топырақтаңу және агрохимия», 5B120100 – «Ветеринариялық медицина», 5B090300 – «Жерге орналастыру», 5B090700 – «Кадастр» бадалары бойынша мамандар даярланады.

Жоғары мектеп құрамында «Агротехнология», «Ветеринариялық клиникалық диагностика», «Жануарлар патологиясы», «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника», «Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы» және «Агроөнеркәсіптік мамандықтар үшін шетел тілі» атты 6 кафедра бар.

Мұнда білікті мамандар даярлау мақсатында 116 профессор мен оқытушы, оның ішінде ҚР ҰҒА-ның 1 академигі, 12 ғылым докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының 2 ие-

гері, 50 кандидат пен доцент дәріс береді. Сонымен бірге оқытушылар қатарын Ұлыбритания, Германия, Швейцария, Ресей және тағы басқа шетелдердегі алдыңғы қатарлы университеттерде ғылыми тағымдамадан өтіп келген «Болашақ» стипендиясының иегерлері толықтыруда. Жыл сайын мұнда жоғары мектептен тәлім алатын студенттер саны да арта түсуде. Қазіргі таңда мұнда 1570 студент білім алып жатыр. Олардың ішінде 90%-ы мемлекеттік білім беру гранты бойынша білімін ұштауда.

«Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебі Ресей, Германия, Австралия, Австрия, Польша, Латвия секілді алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Сондай-ақ, білімін жетілдіру мақсатында студенттер «DAAD», «Өрлеу» бағдарламалары арқылы академиялық ұтқырлық бойынша шетелдердің жоғары оқу орындарында I семестр немесе толық бір оқу жылы бойына дәріс алып келуде.

«Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебінің құрамындағы маман даярлаушы кафедралар іс-тәжірибелерін заманауи үлгідегі оқу-зертханалық клиникалық база – «Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы» ғылыми-зерттеу орталығы негізінде жүзеге асырады. Оның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, топырақ

құрамын анықтау, оны өңдеу, тыңайтқыштарды пайдалану мәселелері қарастырылған. Сонымен бірге, мақта дақылдарын өсіру, баптау технологияларын жетілдіру ісін де ширата түсуде. Егіншілік саласының пәндері бойынша студенттер «Қазақ мақта шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты мен «Тассай» бөлімшесінің ғылыми-тәжірибелік танаптарында тәжірибе жинақтайды.

Оқыту үрдісінде бекітілген жоспарға сай «Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы» ғылыми-өндірістік орталығының «Тассай» ғылыми-тәжірибелік бөлімшесінде, «Қазақ мақта шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институтында тәжірибе жинақтайды. Сондай-ақ, «Сайрам сүт», «Фуд-мастер», «Шымкент сыра» ЖШС-терінде, «Химфарм», «Оңтүстік күс» АҚ-ның өндіріс орындарында өз мамандықтарына бейімделе түседі. Студенттер аймақтық, облыстық ауыл шаруашылығы департаментімен бірлесе отырып, топырақ өңдеу, оның құнарлығын анықтау және арттыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, суару жүйесін жетілдіру жөнінде клиникалық технологиялық сабақтарымен қоса оқу және өндірістік іс-тәжірибе жұмыстарын жүргізеді.

Жоғары мектепте тиісті пәндер заман талабына сай алдыңғы қатарлы кредиттік технология негізінде оқытылады. Сонымен қатар дәріс беру үрдісінде студенттердің білім деңгейін көтеру, дүниетанымын кеңейту және кәсіптік біліктілігін шыңдай түсу бағытында оқудың дәстүрлі техникалық құралдары қолданылады. Сонымен қатар заманауи ғылыми-инновациялық жетістіктер, айтаық, интерактивті такта, дидропроектр, кинопроекторлар кеңінен пайдаланылуда. Мұндағы кітап қоры жеткілікті кітапхана, жоғары дәрежеде жабдықталған озық үлгідегі оқу залдары, өлемдік интернет желісіне

қосылған компьютер бөлмелері, заманауи жобада жасақталған зертханалар студенттердің ғылыми жұмыспен үздіксіз айналысуына ықпал етеді. Олар қажеттілігіне қарай ветеринарлық клиниканы пайдалана алады. Университетте студенттердің сапалы білім алып, бос уақытын тиімді пайдалануына, салауатты өмір салтын орнықтыруына барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, заман талабына сай жабдықталған сауықтыру, спорттық кешендері сапалы демалуға мүмкіндік береді.

Мұндағы барлық мамандықтар 2012 жылғы қазақ айында мемлекеттік аттестациядан сәтті өтті.

«Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебінің жанынан биыл студенттердің жана жатақханасы бой көтерді. Жатақханада білім мен ғылым жолына түскендерге барлық жағдай жасалған. Яғни мұнда тұрып жатқан студенттер теориялық ізденістермен қоса түрлі мәдени шараларға қатыса алады. Сондықтан да олар университеттің қоғамдық өміріне белсене араласып, түрлі ғылыми конференцияларда, байқаулар және олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуда.

«Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебі ауыл шаруашылығы кешенінің барлық салаларына өз ісіне жетік, бәсекеге бейім мамандар даярлау үстінде. Сонымен қатар олар – жоғары сапалы, экологиялық таза азық-түлік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу және сақтау, жерді ұтымды пайдалану, су ресурстарын үнемді пайдаланудың көзін білетін білікті мамандар.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – халықаралық деңгейдегі ғылым мен білім ордасы, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы жоғары оқу орны ретінде танылып үлгерген білім ошағы.

Ендеше, халықаралық деңгейге сай, бәсекеге қабілетті маман болғыңыз келсе, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ді таңдаңыз! Ал, ондай талапкердің ОҚМУ-дегі «Ауыл шаруашылық ғылымдары» жоғары мектебінде алатын орны ерекше болары сөзсіз!

**Ж. ҚАЛДАҚОВ,**

«Агроөнеркәсіптік мамандықтары үшін шетел тілі» кафедрасының меңгерушісі,  
филология ғылымының кандидаты.